

УРОВНЕВОЕ ОБУЧЕНИЕ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ

Казангапова М.О.¹, Исабеков А.¹

Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан

mika-riza@mail.ru

Суммируя вышеизложенное следует отметить, что в рамках компетентностного подхода особую актуальность приобретают вопросы развития профессиональной культуры учителя иностранных языков. Поскольку любая профессиональная культура представляет собой явление многоаспектное, ее формирование выявляет целый ряд различных проблем. Говорить об эффективности ее формирования культуры можно в том случае, если будет определена ее сущность как сложного явления, найдены характеристики профессиональной культуры в области языкового образования, а главное задействованы традиционные и инновационные педагогические подходы к ее формированию. В данной работе предпринята попытка сформулировать «составные элементы», необходимые для формирования профессиональной культуры преподавателя иностранных языков под влиянием культурно-образовательной среды.

Ключевые слова: обновленное содержание образования, инновационные технологии, уровневый подход, innovative technologies, общекультурные профессиональные компетенции, уровневая языковая подготовка, модульная образовательная программа, cultural and professional competencies, level approach, level language learning, modular educational program, learning effectiveness

DEVELOPMENT OF THE PROFESSIONAL CULTURE OF THE FOREIGN LANGUAGE TEACHING IN THE FIELD OF THE COMPETENCE

Казангапова М.О.¹, Исабеков А.¹

Karaganda state university after named E.A. Buketov

mika-riza@mail.ru

The present paper focuses on the special issues of professional culture development of FL teachers within the framework of the competency approach. Since any professional culture is a multidimensional phenomenon, its formation reveals a number of crucial problems. It is possible to speak about the effectiveness of the formation of a teacher's professional culture if the essence of it is determined, its characteristics in the field of language education are describe, and most importantly, traditional and innovative pedagogical approaches to the formation of professional culture are applied. In this paper, an attempt was made to formulate "constituent elements" necessary for the formation of a teacher's professional culture under the influence of cultural and educational environment.

Keywords: updated content of education, innovative technologies, level approach, innovative technologies, General cultural professional competences, level language training, modular educational program, cultural and professional competencies, level approach, level language learning, modular educational program, learning effectiveness

Заманауи жағдайда білім беру жүйесінің дамуы қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау мәселесімен байланысты ҚР білім беруді дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Мұғалім кәсібінің мәртебесі мен беделінің жаһандық индексі өсуде», деп атап айтылған [1]. Аустрияда үздік мұғалімдер үшін "Білім берудегі Оскар" бағдарламасы кең таралуда. Германияның Бранденбург жерінде жас мұғалімдердің жұмысқа қабылдануы және тәжірибелі педагогтердің зейнетке шығуы салтанатты түрде аталып өтеді. Білім беру жүйесінің көшбасшылары мұғалімнің кәсіби даму тәсілдерін жаңғыртып отырады. Олар көлемі, кезеңділігі, қамтылуы, орталықтану деңгейі бойынша ерекшеленеді», – деп көрсетілген. Осыған орай Қазақстан білім беру

саласының әлемдік білім кеңістігіне еруге деген талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеруі, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды даярлау сапасын арттырудың қажеттігі – заңды құбылыс.


Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Оның сапасын көтерудің басты шарты мұғалімдердің кәсіби мәдениетін дамыту болып табылады. Демек, біз білімге негізделген қоғам құрылымының негізгі басымдылықтарын есепке ала отырып, педагог мамандарынан өте жоғары кәсіби құзыреттілік талап етуіміз қажет.

Дамыған елдердің білім беру жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзыреттілік» термині, біздің еліміздің білім беру жүйесіне яғни, жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде қарастырылады. Сапалы білім деңгейіне жету үшін оқу-тәрбие үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, белгілі бір ортада қарым-қатынасқа түсе алатын, құзыреттілігі қалыптасқан мамандарды даярлау міндеті тұр. Осыған орай, соңғы кезде оқу-тәрбие беру үдерісінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі алға қойылды. Арнайы психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдай келе, біз құзыреттілік теориясын зерттеп жүрген Б.А. Жекибаева, А.А. Деркач, Э.В.Зазыкина, F.Saena, S. Borg, A. Burns, J. Richards және т.б. еңбектеріне жүгіндік. Білім беруді ұйымдастыруға құзыреттілік тұрғыдан келуді жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру туралы мәселелер М.М. Поташник, М.А. Құсайнова, А.М. Баймуханова, В.В.Давыдов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде де қарастырылған. Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ш.Х.Құрманалина, Б.Т.Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж.Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру негізін С.Т.Каргин және т.б. ғалымдар зерттеген.

Мәдениет пен білім жалпы орта білімнің функционалдық жүйесімен және оның жоғары нәтижелілігімен тығыз байланыста болады. Білім беру жүйесін жетілдірудегі және оны арттырудағы аса маңызды бөлігі – педагогтың кәсіби мәдениетін дамыту болып табылады.

Педагогикалық мәдениет – мұғалімнің ғылыми-педагогикалық дайындығы мен тәжірибелік іс-әрекеті арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу дәрежесін бейнелейтін, оның педагогикалық іс-әрекет пен тәрбие қатынастарының субъектісі ретіндегі тұтас тұлғасының мәнді сипаттамасы. Кәсіби мәдениет кәсіби топ мүшелерінің арнайы кәсіби міндеттерді шешу тәсілдерін игерудің нақты деңгейі.

British Council кеңесінің анықтамасы бойынша, мұғалімнің кәсіби мәдениеті педагогтың әрдайым кәсіби дамуы, жаңа міндеттерді шешу жолдарын іздестірудің үздіксіз үдерісінен құралады. Шетел тілі мұғалімінің кәсіби дамуы белгілі бір кезеңдерден тұрады және солар арқылы педагогтың тұлғалық-кәсіби қасиеттері дамиды. Кәсіби дамудың басты бөліктерімен төменде орналасқан кесте арқылы танысуға болады [2].



Жоғарыда кесте бойынша мұғалімнің үздіксіз кәсіби даму шеңбері аясында оқытушының кәсіби мәдениетінің мансап деңгейлерін анықтауға болады.

2 кесте
Оқытушының кәсіби мәдениетінің мансап деңгейі

Мансап деңгейлері		
Бастапқы	қағидаттарды аяқтандау	бастапқы дайындығы бар ағылшын тілінен тағылымдамадан өтуші

Жаңа мамандырылған	қағидаттарды практикада қолдану	ағылшын тілінен білікті оқытушысы, қажетті білімі бар, практикасының жұмыс өтілімі алғашқы екі жыл
Дамушы	сенім мен дағдыларды нығайту	жеке меншікті материалдарды әзірлеу. Ағылшын тілін оқыту аспектілерін тереңірек зерделеу.
Тәжірибелі	сенімді, тәжірибені және рефлексияны көрсету	жан-жақты білімі мен дағдылары дамыған, тәжірибелі, білікті ағылшын тілі оқытушысы
Озық	Тәжірибе жинақтау	дамудың жоғары сатысындағы мұғалім
Жоғары білікті маман	басқару және кеңес беру	оқытушы-жаттықтырушы, менеджер, материал авторы, зерттеуші, кеңесші, жетекші

British Council кеңесінің ұсынысында үздіксіз кәсіби дамудың түрлері көрсетіледі.

- Конференцияға қатысу. Шетел тілдері мұғаліміне конференцияға қатысу болашақта кәсіби дамуына ықпалын тигізеді. Конференцияда тәжірибесі мол педагогтардан білім алу, үйрену кәсіби дамуға мүмкіндіктер туғызады;
- Топтар. Басқа педагогтармен тәжірибе алмасу, ой бөлісу, пікірталас мұғалімнің кәсіби дамуына ынталандырушы күш болып табылады;
- Кәсіби саладағы басылымдар. Бұл – өз бетінше білім алудың анағұрлым ыңғайлы түрі. Педагог ұдайы ізденісте болуы қажет; сол себепті мұғалім кәсіби журналдар мен газеттерді оқи отыра жаңаны үйренеді, ақпарат алады;
- Тәлімгерлік. Жоғары санаттағы мұғалімдермен тәжірибе алмасу, білімді ұстаз – кәсіби дамудың кілті. Тәжірибелі ұстаздар әріптестеріне рухани тәлімгер бола алады. Олар жас әріптестерімен бай тәжірибесімен бөлісіп, олардың жетілуіне, өз әлеуетін толық пайдалануына және жеке кәсіби даму бағытын құруға көмектеседі;
- Бақылау. Жас мамандар әріптестерінің сабақтарына қатысып, өз білімінен әрі өзектендіреді. Пікір алмасу арқылы түйткіл мәселелерге жауап іздейді;
- Рефлексия. Мұғалім өз іс-әрекетіне талдау жасап, бағалайды, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- Біліктілікті арттыру курстары, семинарлары.

Еуропа Кеңесі құзыреттілік тұрғы аясында шетел тілдер мұғалімінің негізгі құзыреттердің бес тобын ажыратады:

- саяси және әлеуметтік құзыреттер, яғни тұлғаның өзіне жауапкершілік алуы, басқа адамдармен мәселені бірлесе отырып шеше, оның жүзеге асырылуына қатысу, әр түрлі этномәдениеттер мен діндерге толеранттылықпен қарауы, жеке мүддесін кәсіпорны және қоғам қажеттіліктерімен үйлестіре білу қабілеттері;

- мәдениетаралық құзыреттер – түрлі ұлт, мәдениет, дін өкілдерінің өзара түсіністік, сыйластық, құрмет негізінде қарым-қатынас жасауы;

- коммуникативтік құзырет – әртүрлі тілдерде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау технологияларын меңгеруі (оның ішінде компьютерлік бағдарлама, интернет желісі арқылы қарым-қатынас жасау)

- әлеуметтік-ақпараттық құзырет – ақпараттық технологияларды меңгеру, БАҚ- тағы ақпаратқа сыни көзбен қарау;

- жеке бас құзыреті – өзінің білім алу деңгейін тұрақты арттыруға дайын болу, жеке-бас әлеуетін толыққанды іске асыру қажеттілігінің болуы, өз бетімен білім мен біліктерді игеру, өзін-өзі дамыту қабілеттері.

Білім беру саласында мұғалімнің кәсіби мәдениетінің стандартын анықтауда құрамбөліктері мен индикаторлар қолданылады. Педагогтің қызметін бағалау және дайындау барысында дәстүрлі түрде оның пәндік, жалпы педагогикалық, психологиялық және пәндік-әдістемелік дайындығы, сондай-ақ жеке бас қасиеттері ескерілді. Осыған орай біз мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамбөліктері мен индикаторларын талдауда үш құжатты басшылыққа алдық.

1. Еурокомиссия қызметіне шолу жасау;

2. EQUALS шет тілі мұғалімдерін оқыту және дамыту үшін Еуропалық құзыреттілік матрицасы (Evaluation and Accreditation of Quality in Language Services);

3. Шетел тілдер мұғалімдердің құзыреттілігі Кембридж матрицасы (Cambridge English Services);

Осы құжаттарда құзыреттілік тұрғы аясында шетел тілі мұғалімінің қызметін бағалаудың индикаторлары ұсынылған. Жоғарыда көрсетілген құрамбөліктер мен бағалау салалары пәндік, пәндік-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, жеке қасиеттері саласында үйлесім табады. Еурокомиссия мұғалімнің құзыреттілігін бағалау үшін үш саланы ерекше атаған. Олар төмендегі кестеде беріледі.

3 кесте

Мұғалімнің құзыреттілігінің құрамбөліктері мен индикаторлары (Еурокомиссияның ұйғарымы бойынша)

Білім	• пәндік, педагогикалық, технология саласында, бағалау
Кәсіби біліктер	• оқу қызметін жоспарлау және басқару, материалдарды пайдалану, бейімделу, • деректерді талдау және түсіндіру қабілеті
Құндылықтар	• дамуға және өзгертуге ұмтылу, рефлексия, білім алушылармен қарым-қатынас

Осы зерттеудің мақсаты үшін EQUALS шетел тілі мұғалімдерін оқыту және кәсіби біліктілігін дамыту үшін Еуропалық құзыреттілік матрицасының орны ерекше [3].

4 кесте

Мұғалімнің құзыреттілігінің құрамбөліктері мен индикаторы (EQUALS бойынша)

Бағалау саласы	индикаторлары
оқытуды жоспарлау	оқушылардың мұқтаждықтарын анықтайды, оқу бағдарламаларын қолданады және әзірлейді, сабақты алдын-ала жоспарлайды, тілдік материалдарды және қосымша материалдарды сұрыптайды, саралайды, қиындықтарды болжайды, сыныптағы жағдайға бейімділік танытады, сыныпты басқару техникасын меңгереді.
оқытуды қолдау	оқыту техникалары мен қызмет түрлерінің кең спектрін қолданады, оқу ресурстарын түзеді және пайдаланады, нақты нұсқаулар береді, қателерді түзету жұмыстарның түрлі стратегиясын пайдаланады, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамытады.
оқуды бағалау	нысандарды таңдайды, бағалау құралдарын және бағалау критерийлерін іріктейді, құрайды, бағалаудың әртүрлі түрлерін қолданады, кері байланысты қамтамасыз етеді, оқушылардың тілге деген қызығушылығын оятады.
лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени құзыреттілік	тілді педагогикалық мақсатта қолданады, сөйлеу үлгілерін біледі, оқушылардың деңгейін анықтайды, проблеманы шешуге көмек береді, оқу материалдарын және тілін оқып жатқан елдің мәдениетін оқушылар деңгейіне бейімдейді, төл лингвомәдениетін жетілдіреді, оқыту үдерісінде

	лингвистика саласындағы заманауи білімді пайдаланады
кәсіпқойлық	рефлексияны және өзін-өзі бағалауды жүзеге асырады, кәсіби дамиды, сынақ, тәжірибелі, эксперимент негізінде оқытуды ұйымдастырады, әріптестердің сабағына қатысып, бағалайды, оларға қолдау көрсетеді, әкімшілік міндеттерді орындайды

Бұл кестеде аса көп көңіл бөлінетін құрамбөліктер-бағалау, лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктер. Алайда кестеде көрсетілген Кембридж матрицасында шетел тілі мұғалімдері қызметінің басқа құрамбөліктерікөрініс тапқан.

5 кесте

Мұғалімнің құзыреттілігінің құрамбөліктері мен индикаторлары
(Cambridge English Teaching Framework)

Бағалау саласы	Индикаторлар
оқыту әдістемесі мен теориясы	педагогикалық және әдістемелік теорияларды білу, қолда бар материалдар туралы хабардар болу, шетел тілдерін оқыту әдістемесін меңгеру
оқыту және бақылау	жоспарлау (сабақ, курс), материалдарды қолдану (таңдау, <u>бейімдеу, толықтыру</u>), оқу үдерісін басқару
тіл жүйесін оқыту	фонетиканы, грамматиканы, лексиканы оқыту, оқытудың негізгі <u>қағидаттарын білу</u> , түсіну және әртүрлі <u>технологияларды</u> қолдану, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру
сөйлеу біліктерін дамыту	оқылым мен тыңдалым, жазылым мен айтылым дағдыларын үйрету, негізгі қағидаттарды түсіну, сөйлеу қабілетін дамыту кезінде әртүрлі техникаларды қолдану
бақылау	<u>тілдік бақылауды әзірлеудің негізгі қағидаттарын білу</u> , форманың ерекшеліктерін және осы білімді тәжірибеде де қолдана білу, білім алушыларды ақпараттандыру
кәсіби лингвистикалық білім мен білік	<u>кателерді анықтау, белгілеу және таңбалау, әріптестерімен қарым-қатынасы, CERF (Common European Framework of Reference for Languages) деңгейлерді білу</u> , кәсіби <u>терминологияны</u> меңгеру, қолда бар ресурстар пайдалана білу
кәсіптік даму	әріптестердің сабақтарына қатысу және <u>талдау, кәсіби дамуды жоспарлау, педагогикалық зерттеулер жүргізу, жобалық жұмысқа қатысу, кәсіби рөлдер мен міндеттерді атқару</u>

Кестеде ерекшеленген индикаторлар біздің ойымызша мұғалімқызметінің ең маңызды құрамбөліктері. Кәсіби шеберлікті бағалауда оның траекториялары мен кезеңдерін жоспарлай білукәсіби дамудың маңызды бөлігі деп санауға болады.

Осы талданған құжаттарда, ұсынылатын кәсіби біліктілік деңгейі немесе кәсіби дамудың сатысы туралы ақпаратты табуға болады. EQUALS матрицасы мұғалімнің кәсіби дамуының үш сатысын келесі кестеде қарастырған

6 кесте

Мұғалімнің кәсіби дамуының үш сатысын (EQUALS матрицасы бойынша)

1 – саты мұғалім-репликатор	2 – саты мұғалім-практик	3- саты мұғалім - сарапшы
- тиісті білімі бар; - тиімді тәжірибені қайталап, қолдана алады; - білім беруді жоспарлайды; - оқытуды тиімді ұйымдастыра алады;	- жоспарлауды, оқытуды және бағалауды сенімді түрде жүзеге асырады; -мүмкін болатын проблемалар мен оларды шешу тәсілдері туралы хабардар;	-оқыту саласында кәсіби білікті жоғары деңгейде меңгерген; -оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді және бақылау

-әдістемелік көмекті, ұсыныстарды қабылдай алады.	-оқыту кезінде тиімді стратегияларды қолданады; - кәсіби даму бағытын мақсатты түрде іске асырады.	құжаттарын(жұмыстарын) әзірлейді және оларға талдау жасайды, пікір жазады; жалпы, арнайы және пәндік құзыреттерді меңгерген; - жас мұғалімдерге тәлімгерлік негізде әдістемелік қолдау көрсетеді;
---	---	--

Кестеде кәсіби дамудың деңгейлері арасында тікелей корреляция (ара қатынас) көрінбейді және талаптар әрдайым нақты емес. Мысалы, мұғалім – репликатордың тиісті білімі болуы қажет, бірақ қандай білім екені берілмеген. Жәнеде бұл талап екі санатқа қатысты мүлдем айтылмаған. Сонымен қатар, бұл сұлба холистикалық сипатта сияқты, себебі бұл модельде кәсіби өсу сатыларына жалпы түсінік берілген.

Құзыреттілік тұрғыда шетел тілдер мұғалімінің кәсіби мәдениетін анықтау мәселесін теориялық тұрғыда негіздеп қана қою біздің көзқарасымызша жеткіліксіз. Сондықтан шетел тілдері мұғалімдердің құзыреттілігін анықтау мақсатында біз 2018-2019 оқу жылы «М.Жұмабаев атындағы №39 гимназиясы» және «Қарағанды қаласының Н.Нұрмақов атындағы облыстық мамандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында» тәжірибелік эксперимент жүргіздік.

Мектеп ұйымының мұғалімдеріне зерттеу жұмысын жүргізер алдында біз негізінен мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасайтын педагогикалық шарттардың тиімділігін тексеруді мақсат еттік. Осы мақсатқа сәйкес мектеп мұғалімдер арасында сауалнама өткізіп, әңгіме-сұхбат, ғылыми бақылау шараларын ұйымдастырдық. Сонымен қатар мұғалімдердің ашық сабақтары мен шеберлік сыныптарына қатыстық. Бұл зерттеуіміздің мақсаты – құзыреттілік тұрғыда шетел тілдер мұғалімінің кәсіби мәдениетін анықтау, жалпы идеал педагогтың кескін бейнесін құру. Жалпы сауалнамаға 30 мұғалім қатысты. Оның ішінде ағылшын тілі мұғалімі – 13, француз тілі мұғалімі – 4 және қалғандары пәндік саладағы мұғалімдер. Зерттеу жұмысымызға 23 жастан 60 жас аралығындағы мұғалімдер қатысты. Оның ішінде 9 мұғалім жас маман, 11 мұғалім жоғары санаттағы педагог, 5 мұғалім екінші санат иесі, қалғаны бірінші санаттағы мұғалімдер. Сауалнама нәтижесі бойынша біз тек мұғалімдердің санатын ғана емес, сонымен қоса толық еңбек өтілімін анықтадық.

Келесі кезеңде біз сауалнама сұрақтарына талдау жұмысын жүргіземіз. Сауалнама 7 сұрақтан тұрады. Әр сұрақ мұғалімнің кәсіби мәдениет болмысын анықтауға мүмкіндік береді.

Бірінші сұраққа, яғни мұғалімге қандай кәсіби қасиеттер қажет деген сұраққа 25% мұғалімдердің жауабы өз пәнін жетік меңгеру және сапалы оқыта білу кәсіби қасиеттері қажет деп санайды. 52% мұғалімдердің жауабы өз пәнін жетік меңгеру және сапалы оқыта білу, оқушыларды жақсы көріп, ерекше сыйлап, қадірлей білу жауабын таңдады. 23% мұғалімдердің жауабы – өз пәнін жетік меңгеру және сапалы оқыта білу; оқушыларды жақсы көріп, ерекше сыйлап, қадірлей білу және де мұғалімнің педагогикалық және әдістемелік мәдениетінің жоғары болуы деп белгіледі. Бірінші сұрақтың ой түйініне келетін болсақ, мұғалімнің кәсіби қасиеттері: өз пәнін жетік меңгеру және сапалы оқыта білу; білім алушыларды ерекше жақсы көріп, қадірлей білу; мұғалімнің педагогикалық және әдістемелік мәдениетінің жоғары болуы және де оқу-тәрбие үрдісінде барлық субъектілермен табысты қарым-қатынас орната білуі деп санайды.

Кезекті екінші сұрақта, яғни белгілі бір жетістіктерге жетуге мүдделі болып, өз мүмкіндіктеріңізді толыққанды пайдаланып жүрсіз бе деген сұраққа 58% мұғалім өз мүмкіндіктеріне объективті және субъективті себептерге байланысты толық пайдаланып жүрмегенін білдіреді. Қалған 42% мұғалім жетістіктерге жетуге мүдделі, «Мен» концепциясын дамыту қажет деп санайды және де өз мүмкіндіктеріңізді толық пайдаланатынын айтады.

Сауалнаманың үшінші сұрағын мұғалім бойында дамыған ерекше қасиеттермен байланысты. Осы сұраққа респонденттердің 22% өз бойында ерекше дамыған қасиет *мақсаттылық* деп жауап берді. Мұғалімдердің 35% рефлексивтік, әлеуметтік жауапкершілік, байқампаздық және эмпатиялық қасиеттерінің дамығанын айтады. Үшінші сұрақтың қорытындысы бойынша, мұғалімнің бойында мақсаттылық, белсенділік таныту, іс-әрекетін рефлексиялау қасиеттері ерекше дамуы қажет.

Төртінші сұрақ: адами-өнегелік, ізгілікке толы қандай қасиеттеріңізді мақтан тұтасыз? Осы сұраққа мұғалімдердің 17% ол қасиетке өз ұстанымына адал, берік болу. 33% әділдік, әділеттік,

шынайылық таныту және инабаттылық деп біледі. Мұғалімдердің 50%-ы жоғарыда айтылған қасиеттермен бірге коммуникативті құзыреттілік болуы да шарт деп санайды.

Кезекті бесінші сұрақ мұғалімдердің бойындағы қандай ерекше кәсіби қасиеттерді атауды қажет етеді. Бұл сұрақта көбісі төрт немесе бес жауаптан таңдады. Олардың 50% өзіне-өзі сенімділік, жинақылық, тәртіп сақтау; ерік-жігерімен біреуге оң әсер етіп, иландыра білу, өз денсаулығын күтіп, өте өнімді еңбек ете білу қабілеті, кәсіби білікті үздіксіз жетілдіріп отыру қасиеттерін ерекше бағалайды. Қалған 50 % кәсіби қасиеттерге байланысты айтылған сын-ескертпелерді түсіністікпен қабылдай білу; кәсіби рефлексивті құзіреттілік (қабілеттілік); терең кәсіби дағдылар мен біліктер; кәсіби шығармашылық, шеберлік, креативтілік; өзін-өзі ұстай білу, іс-әрекетін бақылап, реттеуді қажет деп сана йды.

Соңғы алтыншы сұрақ педагогикалық қызметтің деңгейлерін меңгерумен байланысты. Мұғалімдердің 23% құзыреті минималды репродуктивті (төменгі деңгей) деңгейді айқындалады. Мұғалімдердің 50% құзыреті бейімділік (орташа деңгей) деңгейге жатады. Олардың 27% құзыреті локальді-модельдік (жоғарғы деңгей) деңгейін меңгерген. Зерттеудің нәтижесі мамандырылған және жалпы орта білім беру мектептерде жоғары санаттағы мұғалімдердің қажет екенін көрсетеді. Минималды репродуктивтік және бейімділік деңгейдегі мұғалімдерге қолдау көрсетіп, олардың жеке даму траекторияларын анықтап, біліктілігін арттыру мәселесіне көбірек көңіл бөлуді қажет екенін көрсетеді.

«Қарағанды қаласының Н. Нұрмақов атындағы облыстық мамандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының» және «М. Жұмабаев атындағы №39 гимназиясы» мұғалімдерімен жеке-кей сұхбаттасудың арқасында біз құзыреттілік тұрғы аясында шетел тілдер мұғалімінің кәсіби мәдениетіне қатысты қосымша деректерді анықтадық. Шетел тілі мұғаліміне қажетті кәсіби құзыреттіліктердің бірі – коммуникативті құзыреттіліктер. Тілдік құзыреттілік – мұғалімнің іс-әрекеті барысындағы ең маңызды дағдының бірі. Қарым-қатынас аясында мұғалімнің сөйлеу мәдениеті сауатты, еркін, бейнелі және экспресивті болуы керек. Өз ұлтының және оқытылатын ұлттың мәдениеті туралы толыққанды білімнің болуы қажет.

Педагогтың кәсіби құзыреттілік құрамына жоспарлау, ұйымдастырушылық, бақылау және бағалауды қамтамасыз ету, аналитикалық және зерттеу дағдылары да жатады. Оқытушы шет тілі оқу материалдарымен және бағдарламаларымен таныс болып, қажет болған жағдайда өзіндік авторлық бағдарламасын түзеді. Жұмыс барысын ұйымдастырады, оқыту барысында қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес әр түрлі тапсырмаларды дұрыс таңдауға және логикалық түрде жасауға қабілетті ұстаз. Оқушыларды сауатты түрде бағалайды, олардың қателерін түсіндіреді және білім алушылар арасында өзін-өзі бағалаудың қажетті дағдыларын қалыптастырады.

Аналитикалық дағдылары жағынан шетел тіліндегі оқу-әдістемелік кешендерге сын пікір, талдау жұмыстарын жүргізеді. Педагог өзінің кәсіби мәдениетін үздіксіз дамыту барысында үнемі ізденушілік, зерттеушілік жұмыстарын жүргізеді. Ол ғылыми конференцияға және семинарларға қатысып, мақалаларын жариялайды. Ал жалпы мәдени құзыреттіліктеріне кәсіби қарым-қатынас дағдылары, психологиялық және педагогикалық құзыреттіліктері, филологиялық құзыреттіліктері мен жеке қасиет сипаттамалары анықталады. Кәсіби қарым-қатынас барысында кәсіби терминологияны ана тілінде және шетел тілінде еркін меңгерген педагог. Педагогика мен психологиялы туралы базалық білімі бар, жас ерекшелік психологиясын жетік меңгерген. Мұғалімнің кәсіби мәдениетінің бір бөлігі, ол жеке қасиет сипаттамалары. Оқытушы өз әріптестері, оқушылар және ата-аналармен жақсы формальды және формальды емес - қарым-қатынас байланысын орнатады.

Қорыта айтқанда, қазіргі ХХІ ғасырдың кәсіби мәдениетті мұғалімнің келбеті ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік-педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Шетел тілінен білім беру – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі элеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді, ол – шетел тілін жетік меңгерген, өз пәнін сапалы оқыта білетін педагог. Оқу-тәрбие үдерісінде барлық субъектілермен табысты қарым-қатынас орната біледі (әкімшілікпен, әріптестермен, оқушылармен, ата-аналармен). Белгілі бір жетістіктерге жету үшін өз мүмкіндіктерін толыққанды пайдаланып, «Мен» концепциясын үнемі дамытады. Мұғалім – бойында үнемі алға ұмтылу, мақсаттылық, белсенділік, қайсарлық таныту , рефлексивті қасиеттері ерекше дамыған, адами-өнегелік, ізгілікке толы қасиеттерді мақтан тұтатын тұлға.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының 2016-2019ж арналған бағдарламасы. <http://www.akorda.kz/>
- 2 CaenaF. Literaturreview. Teachers' core competencies: Requirements and development. European Commission, 2011. – 121p.
- 3 Wydawnictwo Naukowe. Teaching English as a Foreign language – A guide for professionals.// Warszawa , 2011. – 172p.
- 4 Құсайынова М.А., Баймуханова А.М. Жалпы педагогика: Оқулық– Алматы: Изд-во CyberSmith, 2017. – 144б.
- 5 Соловова Е. Н. Методическая подготовка и переподготовка учителя иностранного языка.– М.: Глосса-Пресс, 2014. – 201 с.